

#### **№4 Дәріс. Тақырыбы: Саясат философиясындағы саяси этика мәселесі**

**Дәрістің мақсаты:** Саяси этика мәселесі саясат философиясындағы саяси әлемнің моральдік - адамгершілікті аспектісі жан жақты түсіндіруге тырысады.

#### **Дәріс жоспары:**

1. Саяси әлемнің моральдік - адамгершілікті аспектісі
2. Ғалымдардың саяси этикалық тұжырымдары
3. Саяси этиканың мәні

Өзіндік анықтамасынан бастап-ақ саяси философия моральді-этикалық негіздермен ұштасқан, саясатты зерделеу моральді-адамгершілікті немесе құндылық өлшемдерді иеленбеуі мүмкін емес. Мақсаттар мен идеалдар саласына енуісіз біртұтас саяси әлемді адекватты түрде зерделеу туралы сөз болмауы тиіс. Бірақ саяси этиканың мәнін құрайтын осы моральді-адамгершілікті аспектіні анықтап алу оңай шаруа емес. Оны адамдық әрекеттер әрдайым ұштасуы тиіс жақсылық, ар-ұждан, борышты, ережелерді түсіну туралы түсініктерінсіз түсіну мүмкін емес. Осы контексте этика адамдардың әрекет ету тәртібінің заңдары және нормалары туралы ғылым болып табылады. Өзінің құрамына идеалдың негізге алынатын элементтерін енгізіп және оны ең жоғарғы игіліктің, жақсылықтың және т.б. категорияларында түсіндіре отырып, этика негізгі құндылықтар мен мақсаттар туралы ілімнің қалпын қабылдайды.

Саяси әлемге, оның институттарына, қарым-қатынастарына, және қандай да бір қоғамдастықтың мүшелерінің саяси дүниетанымына және өзін-өзі ұстау тәртібіне қатысы бар моральді-адамгершілікті бастаулар, құндылықтар мен нормалар жинақтала келе саяси этиканың негізін құрайды. Саяси этика дегеніміз - әділетті әлеуметтік құрылым, басшылар мен азаматтардың ортақ құқықтары мен міндеттемелері, адамның және азаматтың фундаментальді құқықтары, бостандықтың, теңдіктің және әділеттіліктің қисынды ара-қатынасы және т.б. сияқты негізге алынатын мәселелерді қозғайтын, саяси қызметтің нормативтік теориясы. Ол саяси биліктің, сонымен қатар басқарудың түрлі нысандарының заңдастырылуында маңызды рөл атқарады. Заманауи мемлекеттің заңға сәйкес болуы (легитимділігі) біріншіден құқықтық тұғырға негізделеді. Адамның құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз етуді басты мақсаты ретінде танитын мемлекет қана заңды (легитимді) болып танылады. Өмірге бейімді және орнықты саяси жүйе дегеніміз – билік плюс заңдылық және тиімділік, атап айтқанда, басқарудың негізгі қызметтерін атқару қабілеттігі. Дегенмен, заңдылық, сол сияқты тиімділік көптеген жағдайдарда мемлекет институттарының және біртұтас саяси жүйенің өзі қоғамдағы басымдыққа ие идеалдар мен құндылықтарға қаншалықты қаншалықты сәйкес келетінімен анықталады. Басқаша айтқанда, заңдылықтың тағы бір негізгі құрылымы болып қоғамның

саяси ұйымдасуының құрамдас бөлігі моральді-адамгершілік табылады. Шынында да, Конфуций айтқандай «халықты көндіруге болады, бірақ неліктен екенін түсіндіру мүмкін емес». (Лунь Юй. Ежелгі қытай философиясы Т. I. С. 155) *Opus justitiae* рах - әлем әділеттіліктің өнімі деген пікірде белгілі бір рационалды негіз бар.

Саясаттың барлық этикалық мәселелерінің ерекшеліктері оның зорлықпен тығыз байланысуында жатыр. Сонымен қоса, саясатты пайдакүнемдік мүддемен ұштастырады, ал адамгершілікті риясыздықпен. «Өз жанының және өзгелердің жанының аман қалуының жолын іздегендер, тек қана зорлық арқылы шешілетін мақсаттары бар саясат жолында іздемейді - деп жазды М. Вебер – Саясаттың кемеңгерлігі және өзәзілі Махаббат құдайымен, соның ішінде христиан Құдайымен, оның шіркеулік көрінісімен ішкі теке-тірестікте өмір сүреді, - бұл шиеленіс кез келген сәтте ымыраға келмейтін жанжалға ұласуы мүмкін». (Вебер М. Избр. Произв. М., 1990. с. 703). Осыдан мағынасыз деп тануға келмейтін сұрақ туындайды: саяси этика жөнінде сөз қозғау орынды ма, саясат саласына этиканың және моральді - адамгершілікті құндылықтар категориясының қолданылуы орынды болып табылады ма? Егер жоқ болса, онда саясаттағы адами өлшем туралы айтуға болады ма?

Саяси ойдың тарихында осы сұрақтарға түрлі жауаптар берілгендігі туралы айта кеткен жөн. Бұл таң қалдармайды, мысалы патшаның мемлекет мүддесі үшін кез келген озбырлығы орынды деп санайтын Н. Макиавеллидің пікіріне қарағанда саясат дегеніміз бір басқа, ал жалпыға ортақ игілікті қамтамасыз ету ойын қолдайтын Ж.Ж. Руссоның пікірі бойынша мүлдем басқа. Алайда, мәңгі уақыттан тыс құндылықтарды ғана мойындайтын қатып қалған платонизмге беріліп кетпесе, онда қоғамның моральді- этикалық құндылықтарының түсіндірмесінің нақты мазмұны әрбір нақты тарихи кезеңнің реалиясына шындығына көп жағынан тәуелді. Моральді - адамгершілікті категориялар және критерийлер қазіргі уақытта әрекет етіп отырған саяси тәртіпті немесе нақты саяси стратегияны заңдастырудың (легитимизация) маңызды құралы ретінде қызмет етуіне байланысты, саясаттың, мемлекеттің және құқықтың мәселелерімен айналысқан ірі ойшылдар, Конфуцийден, Платоннан, Аристотельден бастап және қазіргі уақыттағы зерттеушілер, қалай болса да бұл мәселені көтерген болатын.

Антикалық ойшылдардың моральді-адамгершіліктік бастау берген мәнін Сократ қалыптастырған ұстаным айқын көрсетеді: «Әділетсіздікті жасағаннан гөрі, оған шыдаған жөн». Осылайша ол әділеттіліктің өз мысалын көрсетті. Аристотель саясаттың басты мақсаты полис азаматтарын « ең жоғарғы игілікпен,, қамтамасыз ету деп анықтап, оған адамгершілік - тәрбиелікті нұсқай келе, мемлекеттік игілік әділеттілік болып табылады, яғни жалпыға бірдей пайдасы бар» - деп, тұжырымдаған. Табиғат адамды екі қарумен қамтамасыз етті. Олар қайырымды және қатігез әрекеттер үшін де пайдалануға болатын «ақыл-ой және адамгершілік күш». «Заң мен құқықтан тыс өмір сүретін адам барлығының ішіндегі ең нашары...

Әділеттілік түсінігі мемлекет туралы түсінікпен тығыз байланысты, өйткені әділеттіліктің өлшемі болып табылатын құқық саяси байланыстың реттеуші нормасы» болып табылады. Бұл жерде Аристотель «әділеттілік», түсінігінің өзіне қандай анықтама берді деген басқа сауал туындайды.

Осы көзқараспен қарағанда, «Әділетсіз болған іс заңды да бола алмайды» (Non videtur esse lex quae juste non fuerit) деп мәлімдеген ұлы Августиннің ұстанымы көрнекті бола алады. (О Граде Божиюм 4) Августин «әділетсіз мемлекет - бұл шағын қарақшылар тобы болмағанда немене?» деген сауал қойған. Осы дәстүр ағымындағы Лейбниц өзінің жалпылама үйлесім- идеясына сүйене отырып, құқық пен мораль салаларын байланыстырған. Заңды жарлықтардың басына ол кіршіксіз және адал маххабат ретінде түсіндірілетін шындықты қойған. Саясатты ең жоғарғы дүниелік тәртіп пен діни құдайшылық заңдардың талаптарына сай келтіруді талап ете отырып, ол құқықтық нормаларға мемлекеттік барлық азаматтарын игілікпен қамтамасыз ету туралы талапты енгізу керектігін айтқан. Адамгершілік сананың басты міндеті тиістілік болғандықтан соңғысы нақты өмір сүретін дүниеге ешқандай қатысы жоқ, табиғатына әлеуетті түрде қаланған. Саясат адам іс-әрекетінің ең маңызды саласының бірі болғандықтан, ол өз анықтамасы бойынша моральдік-адамгершілік бастамамен тығыз түрде байланыста бола алмайды.

Мемлекеттік өмір саласындағы этика мәселесіне Г.В. Ф. Гегель көп көңіл бөлген. Ол адамгершілік өмірді- отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет деп үш салаға бөліп, оларды әрбір жекелеген тұлғаның өмірін реттеп отыратын этикалық жүйенің сәттері немесе элементтері деп бөлген. Гегель этикалық нормаларды адамның қандай салада іс-әрекет еткеніне қарай көкейтесті бөлген. Ал мемлекетке келетін болсақ, Гегель оны „ адамгершілік идеялардың ақиқаты,, деп таныған.

А. К . Сен-Симон саясаттық моральдік-адамгершілік аспектісін өзінше дегенмен, христиандық ағайындық рухында түсіндірген. Ол әділеттілік идеясы қоғам өмірінен түбегейлі ысырылып, ағайындық және махаббат идеясымен алмасу керек деп санаған. „ Бір-біріңді сүйіңдер және бір-біріңе қамқор болыңдар,, деген Евангелистік уағыз оның „ Индустириалды жүйе,, атты еңбегінде эпиграф болуы да тегін емес.

Құқық-пен адамгершілік бір-біріне қарама-қайшы қоюға және моральдің өлшем құқығынан айыруға қарсы шыққан (В. С, Соловьев, Л. И. Петражицкий, П. И. Новгородцев және т.б.) секілді орыс философтары да осыған ұқсас ұстанымда болған. Бұл ұстаным, әсіресе шындық-ақиқаттың шындық-әділеттіліктен өзгешелігі туралы әйгілі идеяда көрсетілді. Жалпы алғанда егер, Платон мен Аристотельден басталған дәстүр мораль мен саясатты әділеттілік принциптерін жүзеге асыруғанегізделген біртұтас деп қарастырса, христиандық дәстүр «этика мен саясатты», «Құдайлық», және жасанды деп бөлген. Томазий мен С. Пуфендорф та құқықтану мен дін ілімін, құқық пен адамгершілікті бір-бірінен ажыратуды көздеген.

Осы мәселеде алғаш рет этика мен саясаттық арақатынасы мәселесін нақты тұжырымдалған түрде көтерген Н. Макиавелли ең радикалды

байламға келді. Ол қандай да болмасын моральді құндылықтарды санаға алмай кез-келген әрекеттермен қатаң мемлекеттік билік құрудың ерекше саяси өнерін жетілдірді. «Мақсатқа жетуде барлық әдістер оңды» деген макиавеллизмнің ең маңызды постулаттарының бірі. Ол мемлекеттің мүддесін қорғау жолында билеушіде қулық пен күш үйлесіп тұру керек, яғни бір мезетте тұлкі мен арыстан бола білуі керек деген. Билеушінің өз сөзінде тұрмауға, қулық пен залымдыққа баруға, т.б. бір сөзбен айтқанда мемлекеттік күшейтуге бағытталған барлық шараларды қолдануға құқылы. Макиавелли Саналы басшы бұрын берген уәдесі енді өзіне қарсы келіп, оны сөз беруге итермелеген себептердің мәні жойылса, оның өз сөзінде тұрмауына болады және және тұрмауға міндетті. Егер барлық адамдар мейірман болса. Онда ол тұрпайы кеңес болар еді.

Алайда олар жауыздыққа еңкіш және соған сенімді болмағандықтан сен де оларға адал болуға міндетті емессің деп тұжырымдаған. Макиавелли айтқандай, тек қана игі іске ұмтылған адам жақсылықты жат санайтындардың арасында ажалын табады. Ол үшін ең жоғарғы құндылық ол жекелеген тұлғаның немесе қандай да болмасын өзге құндылықтарды артқа ысырып, иа болмаса толықтай елемейтін-мемлекет. Этиканы саясат саласынан ығыстыра отырып, Макиавелли оны құнды –бейтараптың түсінікпен-подход алмастырды. Сондай-ақ, бұл дәйектер саясатты «Мақсатқа жетуде барлық әдістің оңды» тезисін дәлелдеуде пайдаланылды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
- 17.Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с

18. Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
19. Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия